



12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА

Жауап қайда жатыр, 2





## Негізгі ақпарат берушілер

Зерттеушінің тақырыбымен байланысты ақпаратқа немесе білімге маңызды болуына байланысты өз рөлімен және тәжірибесінің нәтижесімен зерттеушімен бөліскісі келетін жеке адамдар.

Егер сіз қандай да бір мекеменің ішіндегі жағдайды зерттеуіңіз керек болса, сіз ол жердегі болып жатқан жағдай туралы аса көп біле бермейсіз. Тек сырт көзге ғана ресми түрде айтылатын жалпы жағдайды білуіңіз мүмкін. Міне осындай жағдайда сіз негізгі ақпарат берушілердің көмегіне жүгінесіз. Ақпарат берушілер әртүрлі адамдар болуы мүмкін. Кіре берісте отыратын вахтер апайдан, сол ұйымның директорына дейін. Бірақ сіздің мақсатыңыз кімнен сұрау керек екенін білуде. Көп жағдайда әр ұйымда бәрінен хабардар болатын, еш жаңалықты қалт еткізбейтін, кімнің не істеп жүргенін, неге ол солай жасап жүргенін білетін бір адамдар болады. Бір қарағанда бұл ғылыми тәсілге жатпайтындай болып көрінгенімен, дәл осындай адамдармен тілдесуіңіздің сізге біршама көмегі тиюі мүмкін.

## Негізгі ақпарат берушілермен жұмыс істеудің мүмкіндіктері

Негізгі ақпарат берушілер:

- Зерттеудің бастапқы кезеңдерінің құралы ретінде қолданыла алады. Кейін жалпы сауалнама немесе сұхбат жүргізетін кезде қандай сұрақтарды құрастыратыныңызды да анықтауға олар көмектесе алады.
- Жиналған/жасалған деректердің дұрыстығын триангуляциялау үшін немесе растау үшін қолданыла алады. Ресми түрде ешкім айта бермейтін ішкі жағдайлардан хабардар бола аласыз. Сондай-ақ, кейбір ақпараттарға қатысты күдігіңізді сейілте аласыз, немесе кейбір ақпараттың растығына көз жеткізе аласыз.
- Бастапқы деректерді шығару үшін қолданылуы мүмкін. Олардың көмегі арқылы сіз іштегі жалпы жағдай туралы хабардар боласыз.

## Ақпарат берушіні таңдау

Ақпарат берушінің 6 түрі болады Оларды қарастырып көрейік:

- Сарапшылар – Өз саласында жоғары орында отыратын сыйлы адам.
- Ішкі жағдайдан хабардарлар – Ұйымның, мәдениеттің немесе қауымдастықтың ішінде отыратындар және айналадағы ахуал туралы ақпаратпен бөліскісі келетіндер.
- Жоғары тәжірибелі – Бәлкім жетік сарапшы болмауы мүмкін, бірақ сіз зерделеп жатқанмен байланыстыға қатысты терең бай тәжірибесі бар адам.
- Көшбасшы – Бұл ресми және бейресми деңгейде болуы мүмкін.
- Бақылаушы – Ұйымдағы немесе қауымдастықтағы кімнің кім екенін және ненің не екенін білетінімен танымал адамдар.
- Өсек – Бақылауға ұқсас, бірақ бақылауға (кейде алып-қашпа сөздерден) өтудің рахатынан бас тартпаңыз; сіздің ақпаратыңыз дұрыс екеніне сенімді болуға пайдасы тиеді.
- Қосымша тәжірибесі барлар – Мысалы, егер жастар арасындағы суицид мәселесін зерттеп жатқан болсаңыз, жастарға қоса жұмысыңызбен байланысты тың ойларға қол жеткізу үшін сіз нақты бір жетекшілерді, мұғалімдерді және ата-аналарды да іздеуіңіз мүмкін,
- Сөз тасушы – Классикалық полицей секілді “ақпарат беруші” болғысы келетіндер; сізге анық және жасырын күн тәртібіндегі сұрақтардан хабардар болу керек!
- “Экс” (Бұрынғы) – Бұның ішінде азаматтығынан айырылғандар, шеттетілгендер, қайта ақталғандар, дінін ауыстырғандар, жұмыстан қысқартылғандар, жұмыстан шығарылғандар және зейнетке шыққандар болуы мүмкін.

Енді осы топтың біріне жататын ақпарат берушіні тауып алған болсаңыз, олардың қаншалықты тілдесуге құлықты екенін анықтап алғаныңыз жөн. Өйткені ақпарат берушілердің бәрі де ашық болмауы мүмкін. Осы жағын да ескеріңіз. Олар сізбен ақпаратты бөліскісі келген жағдайда да олардың пікірлері қаншалықты субъективті екенін бағалай алуыңыз тиіс. Әркімнің өз тарихы, өз сенімі бар. Және әркімге өзінің дұрыс сияқты көрініп тұрады. Біреулер өзінің ішкі ренішін, өкпесін басу үшін немесе кек алу үшін жаңсақ ақпаратты таратуы мүмкін. Кейбіреулер жай оны тыңдағанды жақсы көретін болған соң, ойдан бір нәрселерді шығарып, әңгімені соза түсуге қызығуы мүмкін. Тағы біреу өзінің білмейтінін мойындағысы



келмей, өтірік айта салуы мүмкін т.с.с. Сіз сұхбаттасып отырғанда осының бәрін ескеріп отыруыңыз керек. Ақпарат берушінің сізге толықтай сенуі де аса маңызды. Сондықтан сіз ақпарат берушіге алған ақпаратыңызбен не істейтініңізді алдын ала айтып қоюыңыз керек.

Осыдан этика мәселесі туындайды. Ақпарат беруші сізбен ақпаратпен бөлісіп отырғандықтан, сіз оларға құрмет көрсетуіңіз керек, олардың сізге бөліп отырған уақытын сыйлауыңыз керек. Сондай-ақ кейде олар көңілін түсіретін нәрселерді еске түсіруге мәжбүр болатын кездер болады, кейде ішіндегі сырын айтатын кездері болады. Осы жағдайдың бәрінде де сіздің этикалық тұрғыда жауап әрекет етуіңіз аса маңызды.

Ақпарат легін күшейту мақсатында сенім ұялату жағдайында

Ақпарат берушлерді тым сезімтал етіп жіберу

Тек бір жақты ғана болатын достықты қалыптастыру

Болашақта істей алмайтын немесе істеуге ниетті емес нәрселерді істеуге сөз беру

Ресми арналар мен ережелерді болдырмайтындай ете алатын не айналып өтетіндей қабілетке ие болу

Ақпарат берушілерді этикалық емес жағдайға түсіру

Өзіңіз зерттеп жатқан болуыңыз мүмкін ұйымға қатысты этикалық емес тұрғыда әрекет ету

Құпия ақпаратты қолда ұстай алу

Ақпарат берушілеріңізден заңсыз/этикалық емес әрекеттері туралы сұрау, соны күту немесе сондайын қабылдау

Өзіңіз зерттеп жатқан болуыңыз мүмкін ұйымға қатысты этикалық емес тұрғыда және бәлкім заңсыз тұрғыда әрекет ету

Тақырыптың аса сезімтал бұрыштарына тереңінен бойлай алу

Ақпарат берушілеріңізден үлкен эмоционалды күш жұмсауын сұрау

Ақпарат берушілеріңіздің жеке және құпия детальдарын өзгелермен байланыстыру

Ақпарат берушілеріңізден еске түсіруге қиын нәрселеріне қайта оралуын сұрау

## КЕЙСТЕР

Кейс Анықталына алатын шекаралар арқылы айқындалуы мүмкін орын немесе нақты жағдай немесе нысана.

Кейс зерттеулер – жеке ахуалдың немесе жағдайдың жан-жақты сипатталуы және талдануы арқылы әлеуметтік құрылымымыздың элементтерін талдау әдісі. Кейс зерттеу жеке дара немесе бірнеше кейс зерттеулерді білдіре алады.

Кейс дегенді белгілі бір деңгейде қазақша бір жеке жағдай деп алсақ болады. Яғни кейбір зерттеулер толығымен жеке бір жағдайды талдауға бағышталуы мүмкін. Алдыңғы дәрісімізде біз іріктемеде кем дегенде 30 элемент болуы керек деп айтқан едік, бірақ кейс жағдайында бір ғана кейстің өзі де жеткілікті болатын жағдай болады. Мысалы, орта мектептегі үлкен сынып балаларының кіші сынып балаларына әлімжеттік жасауын зерттегіңіз келсе, тек бір мектепті алып, сол мектепті жағдайға кейс зерттеу жүргізе аласыз. Кейін ол зерттеуіңіздің нәтижелерін басқа мектептегі жағдайларды түсінуге, басқа мектептегі қиындықтың себебін анықтауға, оны шешуге көмек ретінде қолдануға болады. Кейс зерттеудің шырайының бәрі оның тереңдігінде; ол сізден қазбалауды және терең қазбалауды талап етеді. Кейс зерттеудің нысаны бір адам болуы да мүмкін. Мысалы, жетімдер үйінен тәрбиеленіп шыққан жас жеткіншек жетімдер үйінен кеткен соң қандай қоғамдық қиындықтармен беттесетінін зерттеу үшін кейде бір адаммен терең сұхбат жүргізу арқылы кейс талдау жасауыңызға болады. Кейін ол зерттеуіңіздің нәтижесіне қарай, жалпы жетімдер үйінен шыққан балалардың қандай қиындықтарды бастан кешіретіні туралы жалпы түсінік қалыптастыруға көмегі болуы мүмкін. Кейс зерттеулер соңғы кездері жиірек қолданылатын тәсілге айналып келе жатыр. Оның бірнеше себептері бар:

Бір ғана контексті зерттегенде оны мүмкіндігінше терең әрі сапалы зерттеу мүмкіндігі де көп болады. Сол жағдайды, толығымен, егжей-тегжейлі зерттеуге жеткілікті уақыт пен қаржы жұмсай аласыз. Баратын жерлеріңіз де көп болмайды, яғни тек бір нысанға ғана барып келу керек боласыз. Іріктемемен жұмыс істеген жағдайда кейде 10 мектепке бару керек болады және әр мектептегі 10 адаммен жұмыс жүргізу керек болады. Бұның бәрі қаржы мен уақытты талап етеді. Сондықтан осы жағынан алғанда кейс зерттеу тәсілі әлдеқайда тиімдірек болады. Кейс зерттеулерде іріктемемен жұмыс істегенде анықталынбай қалатын, істің астарында жатқан детальдарды анықтай алу мүмкіндіктері көбірек.

Кейстер мынандай жағдайларда қолданылуы мүмкін:

- Ішкі мәнділігі болуы мүмкін – Кейстер жекелеген бір ұйымдар, қауымдастықтар, орта үшін маңызды



жағдайды анықтауда қолданылуы мүмкін.

- Теорияны теріске шығару үшін қолданылуы мүмкін – Мысалы, 40 жастан соң спортпен айналысқанмен, одан еш нәрсе шықпайды деген пікірді теріске шығару үшін жеке бір адамның мысалын алып, соны кейс талдауына негіздеп, бұл теорияны теріске шығаруға болады.
- Жаңа айнымалыларға жан бітіру – Мысалы, егер жасөспірімдер арасындағы суицидті зерттейтін болсаңыз, кейс зерттеу нәтижесінде суицидке себеп болатын, бірақ бұрын белгісіз болған себептерді анықтауыңыз мүмкін.
- Теория үшін қолдау болатын дәлелдер келтіру – Кейс зерттеулер өзге дерек жинақтау әдістерін триангуляциялауға немесе теорияны қолдаумен қамтамасыз етуге қолданылуы мүмкін.
- Теорияның негізін ұжымдасқан түрде қалыптастыруға қолданылуы мүмкін – Бірнеше кейстер индуктивті тұрғыда жаңа түсініктерді шығаруға қолданылуы мүмкін;

## Кейстерді таңдау

Кейстерді анықтауға қатысты белгілі бір талаптарды ескеруіңіз керек. Бірінші кезекте кейс ретінде адам бола ма, жоқ ұйым бола ма соны анықтап алған дұрыс. Мына кестеден адамдар мен институттарға қойылатын талаптар туралы көруіңізге болады. Толық кестені оқулықтан таба аласыз.

### Адамдар

- гендері, нәсілі, табы
- білімі
- тәжірибесі
- жұмысы
- географиясы

сияқты қасиеттеріне қарай анықталады.

Мысалы, қаланың орталығындағы жоғары сынып оқушылары немесе күйзеліске ұшыраған ауруханада ем қабылдаушылар

### Институттар

- қызметі
- мемлекеттік/жеке меншік
- көлемі
- орналасуы

сияқты қасиеттеріне қарай анықталады.

Мысалы, ауылдық жерлердегі үйлер, жергілікті мемлекеттік мекемелер немесе Азиядағы үлкен зауыттар

### Мәдени топтар

- нәсілі, табы, гендері
- тілі
- тәжірибесі
- жұмысы
- әлеуметтік желілер
- географиясы

сияқты қасиеттеріне қарай анықталады.

Мысалы, мектеп-интернатта тұратын студенттер немесе культ мүшелері

### Оқиғалар

- табиғаты
- көлемі
- болған уақыты/уақыт аралығы
- орны

сияқты қасиеттеріне қарай анықталады.

Мысалы, АҚШ-тағы соғысқа қарсы протестер  
Англиядағы футболшылар көтерілісі



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Жауап қайда жатыр, 2

Кейстердің таңдалуына әсер ететін факторларға прагматика, мақсаттылық және ішкі мүдде жатады.

Қандай кейсті тандасаңыз да, оған жету қаншалықты оңай болатыны туралы ойланыңыз. Сондай-ақ, кейсіңіздің сенімді дерек бола алатынын дәлелдей аласыз ба сол жағын да ойланыңыз. Кейс зерттеуде сұхбат алу, іріктемемен жұмыс істеу, сауалнама жүргізу, құжаттармен, жазбалармен жұмыс істеу, негізгі ақпарат берушілермен жұмыс істеу сияқты тәсілдерге жүгінуіңіз мүмкін.